

Қазақстан Республикасы
Денсаулық салттау министрлігі

Медициналық жөнө

фармацевтикалық көзметті

бакылау комитеті бораганың

20 *жыныс* 07 09

№ 690 байрығымен

БЕКІТІЛГЕН

**Дәрілік заттың медицинада
көлданылуы жөніндегі нұсқаулық**

Дисменорм

Саудалық атауы

Дисменорм

Халықаралық патенттегілген атауы

Жок

Дәрілік түрі

Таблеткалар

Құрамы

Бір таблетканың құрамында

белсенді заттар:

Agnus castus Ø 125 мг.

Apis mellifica trit. D3 25 мг

Pulsatilla trit. D3 25 мг

Rosmarinus officinalis trit. D2 25 мг

қосымша заттар: лактоза моногидраты, бидай крахмалы,
магний стеараты.

Сипаттамасы

Ойыкты жалпақ цилиндр пішіндегі ақ немесе ак дерлік түсті таблеткалар,
болымсыз теңбілденген, сөл хош істенген болуы мүмкін.

Фармакотерапиялық тобы

Гинекологиялық ауруларды емдеуге арналған басқа препаратортар.

АТЖ коды G02CX

Фармакологиялық қасиеттері

Фармакокинетикасы

Препарат құрамындағы белсенді ингредиенттер дозасының тым аз болуымен байланысты фармакокинетикалық зерттеулер жүргізу мүмкін болмады.

Фармакодинамикасы

Организмнің гомеопатиялық препараттарға реакциясы әркімге жекеше тән сипатта болады. Осыған орай, дозага тәуелденетін фармакологиялық әсерін, фармакодинамикалық және фармакокинетикалық сипаттамаларын айқындау мүмкін емес.

Препарат құрамында етеккір оралымының бұзылуын емдеу қезінде бірін-бірі толықтыратын торт компонент бар.

Agnus castus және *Apis mellifica* етеккір болмаған немесе кідірген кезде, сондай-ақ қалыпты да, ұзакқа созылатын да оралым кезіндегі тапиы немесе құйылған айлық қан кетулерде колданылады. *Apis mellifica* жас қыздардың етеккірлік бұзылыстарын емдеуде маңызды дәрі болын табылады.

Pulsatilla етеккір оралымының ыргагы үнемі ауысатын, ауырсындыратын боліністер күшідейтін, боліністер азаятын және кідіретін кездерде тиімді.

Rosmarinus officinalis бас айналуын азайтады, бас ауыруларын жеңілдетеді, бастагы ауырлық сезімін және сананың тұмандануын басады, сондай-ақ *Apis mellifica* сияқты ерте келетін айлықтарда комектеседі. Тұтастай алғанда, Дилеменорм препараты етеккір оралымының ыргагын, құйылуын және ұзактығын қалыптандырады және етеккірлік синдром кезіндегі ауыруды жұмсартады.

Колданылуы

- етеккір оралымының бұзылуы және етеккір алдындағы синдром

Колдану тәсілі және дозалары

Ересек әйелдерге және 12 жастан асқан жеткіншеқ қыз балаларға күніне үш рет 1-2 таблеткадан тағайындаиды.

Жай-құй жақсарған соң препарат қабылдау жиілігін азайту керек.

Препарат ас інуге дейін 30 минуттан кешіктірмей немесе ас інуден кейін 30 минуттан соң қабылданады. Таблеткаларды ауызда баяу сорады. Қажет болса, таблеткаларды судын аздаған молшерінде ерітуге болады.

Препаратты бір аңтадан кой қабылдау ұзактығын міндетті түрде гомеонаст-дөрігермен келісіп алу кажет.

Жағымсыз әсерлері

Өте сирек ($<1/10\ 000$) немесе белгісіз (жүйлігін қолда бар деректер бойынша бағалауға болмайды)

- бас ауыру, бас айналу

- жүрек айну мен іш қуысындағы ауыру сияқты асказан-ішек жолы жағынан болатын бұзылулар

- безеу бөртнесі
- тері бөртпелері, есекжемдер (қынымалы күлдіреуіктердің тұзілуі) түрінде корініс беретін жоғары сезімталдық реакциялары және тіпті беттің ісінуімен, ентігумен (диспноэ) және жұтудың қындауымен қатар жүретін ауырлықтың жоғары дәрежесіндегі реакциялар. Осындағы жағдайларда әрікарай Дисменорм препаратын қабылдауды тоқтатып, емделуішің тиесінше ем тағайындау керек.

Қолдануга болмайтын жағдайлар

- ара уының токсиндеріне немесе кез келген басқа әсер етуші затқа, әлде препарат құрамындағы қосымшина заттардың кез келгеніне жоғары сезімталдық реакциялары
- эстрогенге тәуелді ісіктер немесе гинофиз ісіктері

Дәрілермен өзара әрекеттесуі

Әсер етуші заттар допаминергиялық және эстрогендік белсенді болуы мүмкін екендіктен, агонист препараттарымен және допаминді рецепторлар антагонистерімен және эстроген рецепторларымен өзара әрекеттесуі ықтимал.

Қандай да болсын дәрілік препараттарды, соның ішінде рецептісіз сатылатын препараттарды қазіргі уақытта немесе өдан бұрын қабылдаған кезде емделушілерге дәрігермен кеңесу ұсынылады.

Гомеопатиялық препараттар тиімділігіне зиянды әдептердің, соның ішінде алкоголь мен никотиннің, сондай-ақ кофе мен дәмдеуінітер сияқты коздыруны заттардың теріс әсері болуы ықтимал.

Айрықша нұсқаулар

Гомеопатиялық дәрілер қолданған кезде бастанқыда уақытша нашарлау болуы мүмкін. Бұл жағдайда препарат қабылдауды тоқтатып, дәрігерге корінү керек. Алдыңғы дозаны өткізіп алған жағдайда препараттың екі еселенген дозасын қабылдауға болмайды.

Арнайы ескертулер және қолдану кезіндегі сақтану шаралары

Мына жағдайларда дәрігер кеңесіне жүгінген жөн:

- жай-күйдің жақсаруы немесе нашарлауы болмаган кезде
- қосымшина шағымдар болмаган жағдайда.

Дәрілік препаратты педиатриялық тәжірибеде қолдану жеткілікті зерттелмеген; осыған орай, препаратты 12 жасқа толмаган балаларды емдеуде қолдануға болмайды.

Дисменорм препаратының құрамында лактоза бар. Тұқым қуалауы сирек галактозаны котере алмау ауруларынан, лактаза тапшылығынан немесе глюкоза-галактоза сіңуінің бұзылуларынан зардан шегетін емделушілерге препаратты қабылдауға болмайды.

Дисменорм препаратының құрамында бидай крахмалы бар. Бидай крахмалында глютен бар, бірақ тіптен аз мөлшерде, сондықтан препарат глютенге сезімтал целиакиядан зардан шегетін емделушілер үшін қауіпсіз

болып саналады. Бидай ақуызына аллергиялық реакциялардың басқа түрлерінен (целиакиядан ерекшеленетін) зардап шегетін емделушілерге препаратты қабылдауға болмайды.

Препаратты гомеопат-дәрігермен кенесусіз ұзақ уақыт бойы қабылдауга болмайды.

Жүктілік және лактация

Дисменорм препараты жүктілік кезеңінде қолдануға көрсетілмеген.

Әсер етуші заттар сипаттамаларын ескеріп, Дисменорм препаратын лактация кезеңінде қолдануға болмайды.

Дәрілік заттың көлік құралын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері

Дисменорм препараты автокөлік басқару немесе басқа механизмдермен жұмыс істеу қабілетіне әсерін тигізбейді.

Артық дозаланғанда

Артық дозалану жағдайлары жөнінде хабарламалар болған жоқ. Бірақ егер қабылданған доза тағайындалғанынан едәуір асып кетсе, онда дәрігерге қаралған дұрыс.

Шығарылу түрі және қантамасы

80 таблеткадан күтінген. 1 күтінген медицинада қолданылуы жөніндегі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон пәшкеге салады.

Сақтау шарттары

15 °C-ден 25 °C-ге дейінгі температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Сақтау мерзімі

5 жыл

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецептісіз

Өндіруші

Дойче Хомеопати - Унион ДХУ- Арцнаймиттель ГмбХ & Ко. КГ,

Германия

Ottistraße 24 (Оттоштрассе 24)

76227 Karlsruhe (76227 Карлсруэ)

Типрөй Қыжылтүнүү нөхү

Лепманна

Отосстрәбе 24

(Отровупәссе 24)

76227 Карlsruhe (76227 Каппигы)

Еңбекшілдік орталық
Аттабағынан
Бепх, Ұлбетінапна

Казакстан Песчаногорскىй майрамынан түтүнгипиляпташтын онын (таяп)
Сандасына қартаңыздағы майрамынан түтүнгипиляпташтын онын (таяп)
«Аттабағынан» АҚМУС

Атмаси Қ., Қартаңыздағы майрамынан түтүнгипиляпташтын онын (таяп)
Тел./факс: + 7 727 2265306

E-mail: info.kazakhstan@alpenpharma.com